Жеңіл өнеркәсіп 2021 жылғы қаңтар-наурыз

2021 жылғы қаңтар-наурызда жеңіл өнеркәсіп **өнімін өндіру көлемі** 33,8 млрд.теңгені құрады, бұл номиналды мәнде 2020 жылғы қаңтар-наурыз деңгейінен 14%-ға жоғары. Өсім саланың барлық қосалқы секторларында байқалады. Тоқыма бұйымдары өндірісінде (+7%), киім өндірісінде (+26%), былғары және оған жататын өнімдер өндірісінде (+10%). Жеңіл өнеркәсіп өнімдері өндірісіндегі негізгі үлес тоқыма өндірісіне тиесілі – 18,9 млрд.теңге, одан әрі киім өндірісі – 12 млрд. теңге және былғары, оған жататын өнімдер өндірісі – 2,9 млрд. теңге.

2021 жылғы қаңтар-наурызда жеңіл өнеркәсіп **өнімінің нақты көлем индексі** 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 103,1% - ды құрады. Өсім киім өндірістің қосалқы салаларында (+25,8%), былғары және оған қатысты өнімдер өндірісінде (+32,7%) байқалады. Тоқыма өнімдері өндірісінің қосалқы салаларында төмендеу байқалады (-13,4%).

Киім өндірісі НКИ-нің – 125,8%-ға өсуі негізінен ерлер жұмыс киімінің 35% - ға және өзге де жұмыс киімнің 18% - ға; сыртқы трикотаж киімнің 23% - ға; ішкі трикотаж киімінің 48% - ға; тенниска, шолақ шалбары бар майка, фуфайка және ұқсас бұйымдар өндірісінің 49% - ға ұлғаюынан болды; әйелдер трикотаж шұлықтары мен гольфінің 77,5% - ға ұлғаюы есебінен болды. Былғары және оған жататын өнім өндірісі НКИ-дің – 132,7%-ға өсуі резеңке немесе полимер материалдарынан жасалған табаны мен үсті бар су өткізбейтін аяқ киім өнімі өндірісінің 53% - ға; резеңкеден және полимер материалдарынан жасалған үсті бар бөлме және үй аяқ киімі өндірісінің (сандалдардан басқа) 70% - ға; полимер материалдардан жасалған үсті бар бөлме аяқ киімі және үй аяқ киімі өндірісінің 99% - ға; жасанды былғарыдан жасалған үсті бар ерлерге арналған бөлме аяқ киімі өндірісінің (етік, бәтеңке, туфли) 56% - ға, үсті теріден жасалған әйелдер сырт аяқ киімі (етік, бәтеңке, туфли) өндірісінің 94% - ға өсуі есебінен шартталған. Тоқыма өнімдері өндірісінің -13,4% - ға (НКИ 86,6%) төмендеуі негізінен мақта талшығын өндіру көлемінің -38% - ға; мақта-мата иірімжібін -20% - ға; сырылған көрпелерді, мамық көрпелерді, диван жастықтарын, пуфтарды, жастықтарды, ұйықтайтын қаптарды -70% - ға; асханалық киім-кешектерді -11% - ға және дәретханалық және ас үйлік киім-кешектер өндірісінің -11% - ға қысқаруына байланысты.

2020 жылғы қаңтар-ақпанда жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** 34,1 млн. АҚШ долларын құрады, бұл баламалы кезеңнен 22% - ға төмен. Тоқыма бұйымдары тауарларында экспорттық жеткізілімдердің 31% - ға қысқаруы байқалады. Жеткізілімдердің қысқаруы COVID-19 індетіне байланысты барлық елдерде карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты. Экспорттың негізгі елдері: Түркия, Латвия, Ресей.

2021 жылғы қаңтар-ақпанда жеңіл өнеркәсіп өнімдері **импортының көлемі** 329,6 млн. АҚШ долл.құрады, бұл баламалы кезеңмен салыстырғанда 31% - ға жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Ресей, Түркия.

2021 жылғы қаңтар-ақпанда ҚР-дағы жеңіл өнеркәсіп **нарығының көлемі** 346,7 млн. АҚШ долларын құрады, мұндағы **ОТӨ үлесіне 5%,** импорттық өнім үлесіне – 95% келеді.

Сала төрт өңірде: Шымкент қаласында, Түркістан және Алматы облыстарында және Алматы қаласында жоғары **аумақтық шоғырлануымен** ерекшеленеді. Шымкент қаласындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесі Республика өндірісінің жалпы көлемінің шамамен 20% құрайды. Түркістан облысында шамамен 18%, Алматы облысында – 12%, Алматы қаласында – 9,5%.